

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Экономикалық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Экономическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3552

№ 2 (2025)
Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета

Экономическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ93VPY00029686

выдано
Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области экономики, управления,
финансов, бухгалтерского учета и аудита

Подписной индекс – 76133

<https://doi.org/10.48081/NVZW5116>

Бас редакторы – главный редактор

Давиденко Л. М.
доктор PhD

Заместитель главного редактора
Ответственный секретарь

Гребнев Л. С., *д.э.н., профессор*
Шеримова Н. М., *доктор PhD*

Редакция алкасы – Редакционная коллегия

Шмарловская Г. А.,	<i>д.э.н., профессор (Беларусь);</i>
Кунязов Е. К.,	<i>доктор PhD, доцент;</i>
Алмаз Толымбек,	<i>доктор PhD, профессор (США);</i>
Мукина Г. С.,	<i>доктор PhD, ассоц. профессор, доцент;</i>
Дугалова Г. Н.	<i>д.э.н., профессор</i>
Алтайбаева Ж. К.,	<i>к.э.н.</i>
Мусина А. Ж.,	<i>к.э.н., ассоц. профессор, доцент;</i>
Титков А. А.,	<i>к.э.н., доцент;</i>
Шокубаева З. Ж.	<i>технический редактор.</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/FHND3783>**Е. Ә. Болатбек¹, Т. И. Какижанова², *Г. К. Андабаева³**^{1,2,3}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0002-7229-7977>²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2475-0573>³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7458-8711>*e-mail: andabayeva.gulmira@kaznu.kz

КРЕАТИВТІ ЭКОНОМИКАНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Креативті экономика соңғы он жылдықта экономиканы әртараптандырушы күш ретінде қарастырылады. Адамдардың зияткерлік қабілеті, стандартты емес ойлау, шығармашылық қабілеттерді қолдану арқылы креативті қызметтер мен креативті тауарларды өндіру мүмкіндіктері қазіргі таңда экономиканы түрдендіруші күшке айналууда. Бұл зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасындағы креативті экономиканың және креативті экономика салаларының даму жағдайы сипатталып, креативті қызметтердің даму перспективалары қарастырылған. Креативті экономикадағы шағын және орта бизнес бірліктерінің үлесі мен қай қызмет түрінің салық түсімдері көп екені анықталды. Креативті экономиканың түрлі көрсеткіштерінің ҚР экономикасының дамуына ықпал көптік регрессия теңдеуі арқылы бағаланып, эконометрикалық модель құрылды. Модель нәтижесінде негізгі капиталға салынатын инвестициялардың теріс, ал қалған айнымалылардың оң байланысы бар екені анықталды. Қазақстан Республикасындағы креативті экономиканың даму бағыты көп жағдайда ой-сауық пен және ақпараттық технологиялар мен гейм девелопмент салаларында қарқынды дамуда. Енді креативті экономиканың тауар өндіруші және өңдеуші салаларына басымдық беру өзекті мәселеге айналып отыр. Креативті экономиканың «білім экономикасы» сипатын жан-жақты дамыту, ғылыми-зерттеу жұмыстарының, инновациялардың, новаторлық істердің де креативті экономиканың бір бөлігі екенін түсіндіру және қоғамға сіңіру елдің «креатив» сөзін

тек ақпараттық технологиялар мен өнер жағына байланыстырмай, толыққанды түсінігіне ықпал етеді.

Кілтті сөздер: креативті экономика, креативті индустрия, креативті тауарлар, шығармашылық капитал, жаһандық инновациялар индексі, эконометрикалық модель.

Кіріспе

2020 жылы БҰҰ өз резолюциясында 2021 жылды «Тұрақты даму мақсаттарындағы креативті экономика жылы» деп жариялаған болатын [1]. «Креативті экономика» түсінігін алғаш рет Джон Хокинс өзінің «Креативті экономика. Идеяларды қалай ақшаға айналдыруы керек туралы» кітабында қолданды [2]. Автор креативті экономиканың 21 ғасыр экономикасының негізгі формасы деген идеяны алға тартады. Мемлекеттің экономикалық дамуы енді ресурстар мен технологиядан емес, адамдардың таланттарына байланысты болады делінген. Креативті өнім – адам шығармашылығынан және жаасампаздығынан туындаған тауар немесе қызмет. Тағы бір америкалық экономист Ричард Флорида өзінің «креативті класс» кітабында ғалымдардан бастап, дизайнерлер, инженерлерге дейін жаңа креативті тапты жұмыс табымен қатар қояды. Автор осы креативті адамдар табын мойындағанда ғана, біз қоғамдағы өзгерістер табиғатын түсіне аламыз дейді [3]. Креативті экономика ұлттық ЖІӨ ажырамас бір бөлігі және тек экономикалық тұрғыдан емес, сондай-ақ мәдени, коммерциялық маңызы бар [4]. Креативті экономикада ең маңыздысы – адамның ақыл-ой жұмысы. Сол себепті адам дамуына инвестиция құю болашақта қайтарымы бар деп есептеген жөн. Яғни оқу-ағарту, денсаулық салаларына жете көңіл бөлу, қоғам мәдениетін дамыту бұл кезекте өте өзекті орынға ие. Креативті экономиканы дамыту білім сол себепті бірінші орынға шықпақ [5]. Қазақстан Республикасы 1991 жылы тәуелсіздігін алып, әміршіл-әкімшіл жүйеден нарықтық экономикаға көшіп, өзіндік даму жолын ұстанып келе жатқан мемлекет. Жаһандану үрдісі әлемнің түкпір-түкпірінде жүріп жатқандықтан, әлемде пайда болып жатқан барлық дерлік үрдістер Қазақстанды да жанамай өтпейді. Сол сияқты креативті салалар мен креативті экономика түсінігі біздің елде де өзекті. Мысал ретінде, Қазақстандағы креативті экономиканың нақты объектілеріне тоқтала кетейік. Қазақстандағы креативті экономиканың дамуының дәлелі ретінде қоршаған ортаны қолдауға бағытталған, пластмасса өңдеу арқылы ұзақ мерзімді қолданылатын ерекше бұйымдарды жасайтын алматылық Rocket Plastic компаниясының қызметін атап кетуге болады. Музыкалық және білім беру бастамаларын белсенді түрде алға тартатын QARA Studios түсірген «Қаш» фильмі халықаралық танымалдылыққа ие болып, 2023 жылғы Шанхай

кинофестивалінде Азиялық жаңа таланттар сыйлығына номинациясына ие болды. «Qazaq-Open» орталығы көне халық өнері мен қолөнерін дамытумен айналысса, MOST бизнес-инкубаторы ақпараттық технология саласындағы жас кәсіпкерлерге қажетті білім, тәлімгерлік, қаржы сияқты мүмкіндіктерге қол жеткізуге көмектеседі. «Movie Service» агенттігі Қазақстандағы Disney және Sony Pictures кинотеатрлық шығарылымдарының маркетингі және PR жылжытумен, сондай-ақ қазақстандық фильмдермен жұмыс істейтін бөлімшелердің стратегиясы мен брендингін қалыптастырумен айналысты. Елімізде креативті индустриядағы басқа да кәсіпорындар саны жыл сайын көбейе түсуде.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының үкіметі креативті экономика салаларына баса мән беруде [6]. Р.Флорида айтқан «креативті тап» өкілдері де заманауи қазақ қоғамында жетіп жатыр. Бұған кино, анимация, бейнеойын саласындағы қызметкерлерді жатқызуға болады. Бірақ креативті экономиканың ойын-сауық саласымен шектелмейтінін еске түсірелік. Оған ғалымдар, дәрігерлер, мұғалімдер, инженерлер де кіреді. Креативті экономиканың жақсы дамуы елдегі адам капиталына, адамның дамуы деңгейіне, олардың ой-өрісіне, сауаттылығына да байланысты. Қазақстан Республикасы әлем бойынша адам даму индексі жоғары елдердің бірі. Соңғы деректерге сүйенсек, Қазақстанда креативті экономика саласында 133 мыңдай адам қызмет етуде, ал креативті салалардағы бизнес бірліктер саны шамамен 39 мыңдай [7]. Дегенмен, бұл көрсеткіштің Қазақстан бойынша біркелкі емес екендігін айта кеткендігі жөн. Креативті салалар көбінесе қалалар мен қала агломерацияларында шоғырланған. Яғни, халық тығыздығы біркелкі емес және аймақтық дамуда алшақтық бар Қазақстан үшін креативті экономиканы бүкіл аумағы бойынша біркелкі тарату мәселеге айналмақ. Аймақтардың креативті экономикада үлесі арттыру үшін жергілікті әлеуетке негізделген стратегияларды қабылдаған маңызды [8]. Халық миграциясына, инфрақұрылымына, бизнес-инкубаторлардың қолжетімділігіне қарай әр аймақтың әлеуеті әртүрлі болуы мүмкін. Аймақтардың әлеуеті сол жерлердегі креативті кластерлердің және салалардың дамуына алғышарт болып табылады. Креативті кластерлерді құру аймақтардың брендтік имиджін қалыптастыруға ықпал етеді [9]. Себебі әр аймақтың мәдени ерекшеліктері, салт-дәстүрі, тарихи тұрғыдан қалыптасқан маманданған салалары, табиғи ерекшеліктері, қазба байлықтарының шоғырлануы – осының бәрі креативті салаларды қалыптастырудағы қағидалар бола алады.

Зерттеу жұмысы Қазақстандағы креативті экономиканың даму барысына және ағымдағы жағдайларға талдау жасай отырып, жалпы даму бағыт-бағдарына баға беруге бағытталған.

Материалдар мен әдістері

Айнымалылар арасындағы байланысты анықтау мақсатында регрессиялық талдау жүргізілді.

Алдыңғы бөлімдегі шолулар нәтижелерінің ескере отырып, біз 2011–2022 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасындағы креативті экономиканың елдің экономикасына әсерін анықтау мақсатында, демек GDP per capita (GDPPC) мен түсіндіруші факторлар арасындағы байланысты тексеру үшін келесі эконометриялық модель қолданамыз:

$$GDPPC_t = f(ICT_t, CII_t, INVCI_t), \quad (1)$$

мұндағы барлық анықтамалар мен өлшемдер 1-кестеде берілген.

Айнымалыларды ADF тестінің көмегімен стационарлыққа тексергеннен кейін, сызықтық ARDL моделі бағаланды және айнымалылар арасындағы байланыстардың ұзақ және қысқа мерзімді талдаулары орындалды.

$$\begin{aligned} \Delta GDPPC_t = & \beta_0 + \sum_{k=1}^m \beta_1 \Delta GDPPC_{t-k} + \sum_{k=0}^n \beta_2 \Delta ICT_{t-k} \\ & + \sum_{k=1}^p \beta_3 \Delta CII_{t-k} + \sum_{k=0}^q \beta_4 \Delta INVCI_{t-k} + \gamma_1 ICT_{t-i} + \\ & \gamma_2 CII_{t-i} + \gamma_3 INVCI_{t-i} + \varepsilon_t \end{aligned} \quad (2)$$

1-кестеде зерттеу айнымалылары, олардың анықтамалары мен дерек көздерінің тізімі келтірілген.


1-кесте – Модель айнымалылары және дереккөздер

Айнымалылар	Анықтамалары	Көздері
GDPPC	GDP per capita (current US\$)	World Bank
ICT	ICT service exports (% of service exports, BoP)	World Bank
GII	Global Innovation Index	World Bank
INVCI	Пайдалану бағыттары бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар (Креативті индустрияға қатысты қызметтердің жеке түрлері бойынша)	ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
Ескерту: авторлар құрастырған		

Зерттеу жұмысы Қазақстандағы креативті экономиканың даму барысына және ағымдағы жағдайларға талдау жасай отырып, жалпы даму бағыт бағдарына баға беруге бағытталған.

Нәтижелер және талқылау

Қазіргі таңда елімізде экономикалық өсудің маңызды саласы болып табылатын креативті индустрияның дамуына қызығушылық артуда. 3 млн шаршы км жуық аумақты алып жатқан ҚР 17 облыс және республикалық маңызы бар 3 қаладан тұрады [10]. 2021 жылдың 30 қарашасында ҚР Үкіметінің «Креативті индустрияларды дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» қаулысы қабылданған болатын [11]. Қаулыда креативті секторларды жіктеу бойынша біріңғай әдіснаманың жоқтығы баяндала келе, БҰҰ қолданыстағы тәсілдеріне сәйкес креативті индустрияларға 14 бағыт: дизайн, өнер, сән, кино, музыка, медиа, компьютерлік графика, білім беру және зияткерлік қызметке негізделген басқа да бағыттар жататыны айтылған. Бұл бағыттардың барлығы дерлік Қазақстан Республикасында бар. Жоғарыдағы әдебиетке шолуда, кей авторлардың креативті экономиканың дамуында адам потенциалының маңызы айтылған.




1-сурет – Қазақстан Республикасындағы адам даму индексі
Ескерту: [12] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

1-суреттен көріп отырғанымыздай, ҚР адам потенциалы өте жоғары деңгейде және бұл креативті экономиканың дамуына айтарлықтай мүмкіндік бар екенін көрсетіп отыр.




2-сурет – ҚР креативті экономикадағы бизнес бірліктер саны
Ескерту: [12] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

Сонымен қатар, жоғарыдағы 2-суретке қарасақ, креативті экономиканың 6 жыл ішінде 121,8 пайызға қарқынды өскенін байқаймыз. Бұл салада тіркелген бизнес-бірліктер саны екі есе дерлік өскен. Яғни, біз пайымдап отырғанымыздай, креативті экономика саласы Қазақстанда қарқынды даму үстінде.



3-сурет – ҚР креативті экономикадағы ШОБ салық түсімдері, млрд. тг.
Ескерту: [13] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған

3-суретке қарасақ, соңғы 6 жыл ішінде креативті экономика салаларында қызмет атқаратын шағын және орта бизнес өкілдерінен келіп түскен салық 21,1 млрд теңгеден 31,9 млрд теңгеге дейін өскен. Бұл салықтың алты жылдағы өсімі жуықпен үштен бірді құрап отыр.



4-сурет – ҚР креативті экономикадағы ШОБ салық түсімдері, млрд. тг. Ескерту: [13] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

Қазақстан Республикасының Global Innovation Index-2024 (ГИИ) индексінде «Креативті тауарлар мен қызметтер» санатында 95-орыннан 65-орынға бірден көтерілуі де [14], креативті экономиканың дамуының белгісі. Дегенмен, креативті экономика қатты дамып келе жатқан Алматы, Астана және Шымкент қалалары, яғни басқа аймақтардағы бұл экономика түрінің дамуына алшақтық орын алып отыр.

4-суреттен көріп отырғанымыздай, салық түсімдерінен үлесі ең көп салаларға қолөнер, сәулет және сән IT және ойын әзірлеу салалары алғашқы үштікті құрап, тиісінше 51 %, 37 %, 6 % пайызды құраса, мәдени ойын-сауық мекемелері 4 %, ал кітапхана мен мұражайлар және телевизиялық бағдарламалар 1 % пайызды үлесті алып отыр. Айта кетерлік жайт, соңғы кездері салық төлеудегі мөлдірлік пен көптеген салаларды көлеңкелі экономикадан шығару бойынша мемлекет тарапынан бірқатар іс-әрекеттер қолға алынып жатыр. Осы мақсатта реестрге креативті қызметтің 40 түрі енгізілген және олар арнайы салық режиміне өте алады, сол себепті біріңғай салық төлейді [15].

Соңғы жылдары тіркелген бизнес-бірліктердің санының өсуіне де осы әрекеттердің ықпал еткені сөзсіз.

2018 жылы British Council, Лондон университеті мен «Нархоз» университеті Қазақстандағы ұлттық креативті индустрияларды картадаға түсірді. 2020 жылы Қазақстандағы креативті салалардың ЖҚҚ үлесі ЖІӨ-нің 2,3 %-ын құрады, креативті салаларға салынған инвестициялардың үлесі барлық инвестициялардың 2,3 %-ын құрады. Сонымен бірге, ЮНКТАД мәліметтері бойынша креативті индустрияның жаһандық экономикаға қосқан үлесі 3%-ды құрайды, яғни тұтастай алғанда әлемде бұл көрсеткіш

Қазақстанға қарағанда жоғары. ЕО және Азия-Тынық мұхиты аймағындағы 9 елдің креативті салаларында жұмыс істейтін адамдардың үлесі халықтың шамамен 7 % құрайды. Сонымен қатар, бұл елдерде креативті сектордағы жұмыспен қамту үлесі тұрақты өсіп келеді. 2020 жылы Қазақстандағы креативті салаларда жұмыспен қамтылғандардың үлесі барлық жұмыспен қамтылғандардың 3,6 %-ын (барлығы 310 мың адам) құрады, бұл постиндустриалды экономикамен салыстырғанда 2 есе төмен. Қазақстандағы креативті салалардағы орташа айлық жалақы 203,6 мың теңгені құрады (бұл жалпы экономикадан 4,3 %-ға төмен) [16]. 2018 жылы ЮНКТАД конференциясының қорытындысы бойынша жарияланған мәліметтерге сәйкес, креативті тауарлардың сыртқы сауда балансы Қазақстанда көптеген жылдар бойы тапшылықтың болғанын және әлі де бар екенін көрсетеді, ол басқа елдерден креативті тауарлар импорты есебінен жабылады.

Кесте 2 – ҚР креативті экономиканың құрылымын

Жылдар	Креативті индустрияға қатысты қызметтердің негізгі капиталына бағытталған инвестиция	Мәдени-ойын-сауық ұйымдардың саны	Экономика бойынша ҚР-қызмет етіп жатқан заңды тұлғалар (өнер, ойын-сауық, демалыс)	Креативті индустриалар бойынша ЖҚК	ЖІӨ-дегі креативті индустриялар бойынша ЖҚК үлесі	Экономиканың креативті салаларында қызмет ететін адамдар саны
	Млн тенге	Бірлік	Бірлік	Млн тенге	%	Бірлік
2018	78 866 190	3 136	4 468	594 469,6	0,96	110213
2019	47 870 640	3 092	4 708	601 506,1	0,87	106700
2020	143 040 065	3 077	4 907	619 498,5	0,88	112877
2021	34 611 274	3 098	5 337	768 219,7	0,92	117606
2022	66 926 529	3 102	6 067	954 957,1	0,92	121104
2023	65 963 300	3 069	6 658	1 202 175,3	1,00	133385
2018-2023 ж.а. өзгерісі, %	-16	-2	49	102	4	21

Ескерту: [16] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған

«Креативті индустрия» термині қамтитын секторлар алуан түрлі, Креативті экономиканың құрылымын талдау барысында, жалпы қосылған құн (ЖҚК) зерттелетін экономиканың тиімділігі мен өнімділігін бағалаудың ең маңызды аналитикалық көрсеткіші болғандықтан, ЖҚК көлемінің әр сектор бойынша үлесін анықтадық (4 сурет). Қазақстандағы ішкі креативті экономика

бизнес ауқымының жіктелуіне сүйене отырып, ЖҚК ең жоғары креативті экономиканың ішкі секторы 38 % болатын ІТ және геймдевелопмент (ойын дамыту) секторы, одан кейін 24 пайызбен сәулет және сән секторы болып табылады. Мәдени-демалыс мекемелері 11 пайыз болады.

Бұдан басқа, ең аз пайызды құрайтын бірнеше ішкі секторлар бар, соның ішінде зергерлік бұйымдар, музыка, фото және мәдени мұра, олардың әрқайсысында 1 пайыздан аспайтын үлес бар. Жалпы қосылған құнға ең көп ІТ және ойын дамыту секторы (458,586 млрд. тг), одан кейін пайызбен сәулет және сән секторы (286,175 млрд.тг) және Мәдени-демалыс мекемелері (132,244 млрд.тг) үлес қосты. Ал зергерлік бұйымдар, музыка, фото және мәдени мұраның сәйкесінше қосымша құны 1,439; 1,697; 14,263 және 1,526 миллиард млрд.теңгені құрайды [17].




5-сурет – ҚР креативті индустрияның экономикалық қызметтерінің

ЖҚК көлеміне қатысты құрылымы, %, 2023 жыл

Ескерту: [17] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

Жаһандық инновациялар индексі елдің инновациялық ел экономикасының инновациялық қызметінің элементтері кіреді: (1) институттар, (2) адам капиталы және зерттеу, (3) инфрақұрылым, (4) нарықтың кешенділігі, (5) бизнес кешенділігі, (6) білім мен технология нәтижелері және (7) креативті қызмет нәтижелері.



6-сурет – Қазақстан үшін Жаһандық инновациялар
индексінің динамикасы (2011–2022)

Ескерту: [17] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған.

Зерттеуде нәтижелер бойынша сызықтық ARDL (2-теңдеу) бағаланды және айнымалылар арасындағы байланыстың ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді талдауын жүргізу үшін алынған нәтижелер: келесі 6-кестеде көрсетілген.

Модель үшін коинтеграциялық F-статистикасы – 12, 3328 1 % – 10 % мәнділік деңгейінде 4,84 жоғарғы шегінен асып, статистикалық мәнді екенін көрсетеді. Нәтижелер Қазақстан жағдайында таңдалған айнымалылар арасындағы ұзақ мерзімді байланыс табылғанын көрсетеді.

Таңдалған айнымалылар ұзақ мерзімді перспективада коинтеграцияланғанын ескере отырып, біз ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді коэффициенттерді бағалауды талап ететін келесі қадамға өтуге болады. Сызықтық ARDL бірінші айырмашылықты пайдаланып бағаланды, түсіндірме айнымалылардағы 1 бірлік өзгеріс ұзақ және қысқа мерзімді кезеңде тәуелді айнымалыға қалай әсер ететінін бағалай аламыз.

3-кесте – ARDL моделінің нәтижелері (2011–2022)

estimation D (GDPPC)

Variable	Coefficient	Std. Error	t-Statistic	Prob.
Short Run				
GDPPC (-1)*	-0.769820	0.183526	-4.194612	0.0524
GII**	259.3654	62.63365	4.140991	0.0537
INVC(-1)	-2.26E-05	5.29E-06	-4.280116	0.0505
ICT(-1)	752.7236	138.4600	5.436396	0.0322
D(INVC)	-1.85E-05	4.06E-06	-4.558190	0.0449
D(ICT)	-212.9877	223.3414	-0.953642	0.4409

Variable	Coefficient	Std. Error	t-Statistic	Prob.
Long Run				
GII	336.9168	26.74478	12.59748	0.0062
INVC1	-2.94E-05	8.16E-06	-3.603378	0.0691
ICT	977.7913	214.1537	4.565840	0.0448
1) коэффициенттер ***1%, **5%, *10% мәнділік деңгейінде статистикалық мәнді. 2) авторлар құрастырған.				

Қазақстанда ұзақ мерзімді перспективада креативті индустрияға қатысты негізгі капиталға инвестициялар (INVC1) басқа тең жағдайларда, жан басына шаққандағы ЖІӨ-мен (GDPPC) теріс байланыста (-2.94E-05). Алынған нәтижелер қалған түсіндіруші айнымалылардың GII, ICT (сәйкесінше 336.9168, 977.7913) GDPPC оң корреляциясын көрсетеді.

Ал қысқа Қазақстанда қысқа мерзімді перспективада GII мөлшері де 259.3654 коэффициентімен GDPPC-мен оң корреляцияланғанын көрсетеді. Сонымен қатар, ICT мен INVC1 өсімдері (D(ICT), D(INVC1)) қысқа мерзімді перспективада GDPPC-ге теріс әсер етеді, сәйкес коэффициенттері -212.9877 және -1.85E-05.

Сонымен қатар, қысқа мерзімде t кезеңіндегі GDPPC деңгейінің t-1 кезеңіндегі GDPPC(-1) лаг айнымалысының теріс әсері дәлелденсе (0.287357), INVC1(-1) көрсеткішінің теріс (-2.26E-05), ал ICT(-1) көрсеткішінің оң (752.7236) тәуелділігі расталды.

Қорытынды

Зерттеу барысында салалық талдау, кәсіп түрлерін талдау және креативті тауарлар мен қызметтер саудасы негізінде Қазақстандағы креативті экономика мен креативті индустрияны сандық өлшеу үшін теориялық және әдістемелік негіз және статистикалық жіктеу жүйесі қалыптастырылды. Креативті экономиканың даму ауқымына, құрылымына және динамикасына эмпирикалық бағалар берілген. Алынған нәтижелер ҚР және басқа елдердегі креативті экономиканың параметрлерін статистикалық бақылау және ғылыми негізделген экономикалық бағалауды қалыптастыру үшін негіз бола алады. Осы саладағы зерттеулерді дамыту креативті салаларды жіктеу тәсілдерін жетілдірумен, сондай-ақ олардың параметрлерін сандық бағалаудың баламалы әдістерін әзірлеумен, соның ішінде үлкен деректерді талдау арқылы байланысты болуы мүмкін.

Креативті экономика әлемдегі ең қарқынды дамып келе жатқан экономикалардың бірі. Оның негізі салмақ үлесі ақпараттық технологиялар қолданылатын және мәдени салаларға тиесілі. Себебі бұл салаларда

креативті қызмет не тауарды шығаруға кететені шығын, мысалы, ғылым сияқты саламен салыстырғанда, азырақ. Елдегі креативті экономиканы дамыту тек біржақты қарастырылмауы керек. Креативті экономика елдің экономикасын өндіріс пен өңдеу жағынан көтере алатындай бағыттарға басымдық берген жөн, себебі бұндай салалар экономиканы әртараптандыруға қолғабыс етеді.

Креативті экономиканы дамыту үшін өнер саласы болсын, заманауи цифрлық технологиялар бағытында да кәсіптік іскерлік білімі бар сала мамандарының тапшылығын азайту мақсатында, білім беру жүйесіне көзқарастарды өзгерту. Мектептегі алғашқы жылдардан бастап, бірте-бірте мұғалімдер және жұмыс берушілер арасында ынтымақтастық пен бірлестіктер құру арқылы, жоғары білім беру жүйесіне көшу қажет. Креативті индустрия саласы дамыған елдерге білім алушыларды білім мен тәжірибе алу мақсатында оқуға, тағылымдарға жіберу. Креативті салаларда шағын бизнесті құруды кеңінен насихаттау. Креативті индустрия секторын және осы саладағы кәсіпкерлікті дамытуды мемлекеттік қолдау шараларын енгізу, кәсіпкерлерге қажетті бухгалтерлік және қаржылық, тағы басқа маңызды сұрақтар бойынша құнды кәсіби кеңеске қол жеткізуге мүмкіндік беретін арнайы центрлер құру. Ең бастысы, креативті салада көптеген жобалар, стартаптар тікелей жеке инвестиция арқылы жүзеге асып жатады. Сондықтан, көптеген жеке инвесторлар туралы ақпараттар алу қиынға түседі, демек креативті саладағы кәсіпкерлерге инвесторлар табуға көмектесетін арнайы қорлар құру қажет.

Қазақстан жағдайында креативті қызметтермен қоса, креативті тауарлар өндіріс және соны өндірумен айналысатын кәсіптерді қолдауға бағытталған бағдарламаларды қолдауға басымдық беру керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 БҰҰ бас ассамблеясының 74-ші сессиясы. Күн тәртібінде 17-тармақ. [Электронды ресурс] – URL: <https://documents.un.org/doc/undoc/gen/n19/433/87/pdf/n1943387.pdf> (Қаралған күні: 17.01.2025)

2 Polishchuk, O. & Gracheva, N. & Dushkina, V. & Kovaleva, M. The state and development trends of the creative economy // Proceedings of the Southwest State University. Series : Economics. Sociology. Management. – 14. – 2025. – P. 105–119. – <https://doi.org/10.21869/2223-1552-2024-14-6-105-119>

3 Argynebekov, Maxat & Zeynelgabdin, Altay. Issues of development of the creative economy in the republic of Kazakhstan // Public Administration

and Civil Service. – 91. – 2024. – P. 86–105. – <https://doi.org/10.52123/1994-2370-2024-1242>

4 **Purwoharsojo, Purwadi & Sampeliling, Alexander & Syaharuddin, Syaharuddin.** Mapping of Creative Economy Commodities Sourced from Local Wisdom; Case in Mahakam Ulu // Pakistan Journal of Life and Social Sciences. – 22. – 2024. – P. 100242-100258. – <https://doi.org/10.57239/PJLSS-2024-22.2.00773>

5 **Fuxia, Zou & Dehrashid, Atefeh & Cifci, Mehmet Akif.** Exploring the dynamics of creative tourism : A tourist-centric perspective to achieve economic sustainable development // Journal of Mountain Science. – 22. – 2025. – P. 278–295. – <https://doi.org/10.1007/s11629-024-9069-y>

6 **Widya, Tiara & Supriati, Eny & Wibawanto, Alwan.** (2024). Disability Economic Empowerment: The Role of Creative Industries in Improving the Welfare of People with Disabilities // Journal of Economics, Finance And Management Studies. 07. – <https://doi.org/10.47191/jefms/v7-i12-57>

7 ҚР Президентінің ресми сайты [Электронды ресурс]. – URL: https://www.akorda.kz/ru/republic_of_kazakhstan/kazakhstan (Қаралған күні: 10.01.2025)

8 Қазақстанның ақпарат телеарнасы «24KZ». [Электронды ресурс]. – URL: <https://24.kz/ru/news/social/item/637357-kak-razvivaetsya-kreativnaya-industriya-v-kazakhstane> (Қаралған күні: 18.01.2025)

9 **Dzhakisheva, Urazgul & Cherep, Alla & Kanabekova, Meruert & Meldebekova, Aigul.** Creative economy as a key to solving economic issues of modern society // Journal of Economic Research & Business Administration. – 148. – 2024. – P. 32–42. – <https://doi.org/10.26577/be.2024-148-b2-03>

10 **Yudenko V., & Yudenko A.** Creative economy : evolution of approaches to the formation of the concept // Economic Bulletin of Dnipro University of Technology. – 84. – 2023. – P. 21–27. – <https://doi.org/10.33271/ebdut/84.021>

11 **Kamalova, Anara.** Creative Economy and Modern Advertising in Kyrgyzstan. – 2023. – P. 491–496. – <https://doi.org/10.36880/C15.02722>

12 World bank. The World Bank in Kazakhstan : Development news, research, data // The world bank, Kazakhstan, 2025 [Электронды ресурс]. – URL: <https://www.worldbank.org/en/country/kazakhstan> (Қаралған күні: 11.02.2025)

13 Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. [Электронды ресурс]. – URL: <https://stat.gov.kz> (Қаралған күні: 10.02.2025)

14 **Kuznetsova, Nataliya & Tkachuk, Viacheslav & Obikhod, Svitlana & Vlasenko, Tetiana & Samborska, Oksana & Chorna, Lyubov.** Human capital development in a creative economy // Revista Amazonia Investiga. – 11. – 2022. – P. 349–356. – <https://doi.org/10.34069/AI/2022.54.06.33>

15 **Hadziq, Achmad & Yunia, Noorma & Firdaus, Dedi.** Optimization of the Creative Economy in Improving the Welfare of Society from the Perspective of Islamic Economics // Journal of Economy, Accounting and Management Science (JEAMS). – 5. – 2023. – P. 69–75. – <https://doi.org/10.55173/jeams.v5i1.56>

16 **Bukhari, Muh & Alam, Ryan.** Creative economy and its role in preventing corruption in Indonesia // Scientium Law Review (SLR). – 1. – 2022 – P. 109–122. – <https://doi.org/10.56282/slr.v1i3.478>

17 ҚР Әділет министрлігі, Заңнама және құқықтық ақпарат институты. [Электронды ресурс]. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000860> (Қаралған күні: 15.01.2025)

REFERENCES

1 BÜÜ bas asambleiasynyň 74-şı sesiasy. Kün tärtıbynde 17-tarmaq [74 th session of the UN General Assembly. Agenda item 17] [Electronic resource]. – Available at: <https://documents.un.org/doc/undoc/gen/n19/433/87/pdf/n1943387.pdf> (Accessed: 17.01.2025)

2 **Polishchuk, O. & Gracheva, N. & Dushkina, V. & Kovaleva, M.** The state and development trends of the creative economy // Proceedings of the Southwest State University. Series : Economics. Sociology. Management. – 14. – 2025. – P. 105–119. – <https://doi.org/10.21869/2223-1552-2024-14-6-105-119>

3 **Argynbekov, Maxat & Zeynelgabdin, Altay.** Issues of development of the creative economy in the republic of Kazakhstan // Public Administration and Civil Service. – 91. – 2024. – P. 86–105. – <https://doi.org/10.52123/1994-2370-2024-1242>

4 **Purwoharsojo, Purwadi & Sampeliling, Alexander & Syaharuddin, Syaharuddin.** Mapping of Creative Economy Commodities Sourced from Local Wisdom; Case in Mahakam Ulu // Pakistan Journal of Life and Social Sciences. – 22. – 2024. – P. 100242-100258. – <https://doi.org/10.57239/PJLSS-2024-22.2.00773>

5 **Fuxia, Zou & Dehrashid, Atefeh & Cifci, Mehmet Akif.** Exploring the dynamics of creative tourism : A tourist-centric perspective to achieve economic sustainable development // Journal of Mountain Science. – 22. – 2025. – P. 278–295. – <https://doi.org/10.1007/s11629-024-9069-y>

6 **Widya, Tiara & Supriati, Eny & Wibawanto, Alwan.** (2024). Disability Economic Empowerment: The Role of Creative Industries in Improving the Welfare of People with Disabilities // Journal of Economics, Finance And Management Studies. 07. – <https://doi.org/10.47191/jefms/v7-i12-57>

7 QR Prezidentiniñ resmi saity [Official website of the President of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource]. – Available at: https://www.akorda.kz/ru/republic_of_kazakhstan/kazakhstan (Accessed: 10.01.2025)

8 Qazaqstannyñ aqparat telearnasy «24KZ» [Kazakhstan's news television channel «24KZ»]. [Electronic resource]. – Available at: <https://24.kz/ru/news/social/item/637357-kak-razvivaetsya-kreativnaya-industriya-v-kazakhstane> (Accessed 18.01.2025)

9 **Dzhakisheva, Urazgul & Cherep, Alla & Kanabekova, Meruert & Meldebekova, Aigul.** Creative economy as a key to solving economic issues of modern society // Journal of Economic Research & Business Administration. – 148. – 2024. – P. 32–42. – <https://doi.org/10.26577/be.2024-148-b2-03>

10 **Yudenko V., & Yudenko A.** Creative economy : evolution of approaches to the formation of the concept // Economic Bulletin of Dnipro University of Technology. – 84. – 2023. – P. 21–27. – <https://doi.org/10.33271/ebdut/84.021>

11 **Kamalova, Anara.** Creative Economy and Modern Advertising in Kyrgyzstan. – 2023. – P. 491–496. – <https://doi.org/10.36880/C15.02722>

12 World bank. The World Bank in Kazakhstan : Development news, research, data // The world bank, Kazakhstan, 2025. [Electronic resource]. – Available at: <https://www.worldbank.org/en/country/kazakhstan> (Accessed:11.02.2025)

13 Kazakstan Respublikasy Strategiyalyk zhosparlau zhane reformalar agenttiginin Ulttyk statistika byurosy [Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource]. – Available at: <https://stat.gov.kz> (accessed: 10.02.2025)

14 **Kuznetsova, Nataliya & Tkachuk, Viacheslav & Obikhod, Svitlana & Vlasenko, Tetiana & Samborska, Oksana & Chorna, Lyubov.** Human capital development in a creative economy // Revista Amazonia Investiga. – 11. – 2022. – P. 349–356. – <https://doi.org/10.34069/AI/2022.54.06.33>

15 **Hadziq, Achmad & Yunia, Noorma & Firdaus, Dedi.** Optimization of the Creative Economy in Improving the Welfare of Society from the Perspective of Islamic Economics // Journal of Economy, Accounting and Management Science (JEAMS). – 5. – 2023. – P. 69–75. – <https://doi.org/10.55173/jeams.v5i1.56>

16 **Bukhari, Muh & Alam, Ryan.** Creative economy and its role in preventing corruption in Indonesia // Scientium Law Review (SLR). – 1. – 2022 – P. 109–122. – <https://doi.org/10.56282/slr.v1i3.478>

17 QR Ädilet ministrлігі [Ministry of justice of the RK]. [Electronic resource]. – Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000860> (Accessed: 15.01.2025).

04.02.25 ж. баспаға түсті.

07.04.25 ж. түзетулерімен түсті.

30.04.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Е. А. Болатбек¹, Т. И. Какижанова², * Г. К. Андабаева³*

^{1,2,3}Қазақский национальный университет имени аль-Фараби,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Поступило в редакцию 04.02.25.

Поступило с исправлениями 07.04.25.

Принято в печать 30.04.25.

ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ КРЕАТИВНОЙ ЭКОНОМИКИ В КАЗАХСТАНЕ

В последнее десятилетие креативная экономика рассматривалась как движущая сила экономической диверсификации. Способность людей производить креативные услуги и товары посредством использования своих интеллектуальных способностей, нестандартного мышления и творческих способностей в настоящее время становится движущей силой экономики. В данной научной работе описывается состояние развития креативной экономики и секторов креативной экономики в Республике Казахстан, а также рассматриваются перспективы развития креативных услуг. Определена доля малого и среднего бизнеса в креативной экономике и какие виды деятельности приносят наибольшие налоговые поступления. С помощью уравнения множественной регрессии оценено влияние различных показателей креативной экономики на развитие экономики Республики Казахстан и создана эконометрическая модель. Результаты моделирования показали, что инвестиции в основной капитал имеют отрицательную связь, тогда как остальные переменные имеют положительную связь. Направление развития креативной экономики в Республике Казахстан во многом обусловлено бурным развитием секторов

развлечений, информационных технологий и разработки игр. Теперь приоритетное внимание к производственным и перерабатывающим секторам креативной экономики становится актуальной проблемой. Всестороннее развитие сущности креативной экономики как «экономики знаний», разъяснение и внедрение в общество того, что исследования, инновации и инновационная деятельность также являются частью креативной экономики, будет способствовать более полному пониманию страны, а не только ассоциации слова «креативный» с информационными технологиями и искусством.

Ключевые слова: креативная экономика, креативные индустрии, креативные товары, творческий капитал, глобальный индекс инноваций, эконометрическая модель.

Y. A. Bolatbek¹, T. I. Kakizhanova², *G. K. Andabayeva³

^{1,2,3}al-Farabi Kazakh National University, Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 04.02.25.

Received in revised form 07.04.25.

Accepted for publication 30.04.25.

PROSPECTS FOR THE DEVELOPMENT OF THE CREATIVE ECONOMY IN KAZAKHSTAN

In the last decade, the creative economy has been considered as a driving force of economic diversification. The ability of people to produce creative services and goods through the use of their intellectual abilities, out-of-the-box thinking and creativity is currently becoming the driving force of the economy. This research paper describes the state of development of the creative economy and creative economy sectors in the Republic of Kazakhstan, and considers the prospects for the development of creative services. The share of small and medium businesses in the creative economy and which activities generate the largest tax revenues are determined. Using the multiple regression equation, the impact of various indicators of the creative economy on the development of the economy of the Republic of Kazakhstan is assessed and an econometric model is created. The modeling results showed that investment in fixed assets has a negative relationship, while other variables have a positive relationship. The direction of development of the creative economy in the Republic of Kazakhstan is largely due to the rapid development of the entertainment, information technology and game development sectors.

Now, priority attention to the production and processing sectors of the creative economy is becoming an urgent problem. Comprehensive development of the essence of the creative economy as a «knowledge economy», explanation and introduction into society of the fact that research, innovation and innovative activity are also part of the creative economy, will contribute to a more complete understanding of the country, and not just the association of the word «creative» with information technology and art.

Keywords: creative economy, creative industries, creative products, creative capital, Global Innovation Index, econometric model.

Теруге 19.05.2025 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

17,1 Mb RAM

Шартты баспа табағы 34,8

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Мыржикова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4407

Сдано в набор 19.05.2025 г. Подписано в печать 30.06.2025 г.

Электронное издание

17,1 Mb RAM

Усл.п.л. 34,8. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Мыржикова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4407

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz

www.vestnik-economic.tou.edu.kz